

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 26 тамыздағы
отырысында мақұлданды
№ 32 хаттама

**2026–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ
БОЛЖАМЫ**

Қазақстан Республикасының жоспарлы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 51-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленеді және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми web-сайтында (<http://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/>) орналастырылады.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдерін әзірлеу қазғидалары, мерзімдері және құрылымы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 27 мамырдағы № 35 бұйрығымен бекітілген (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/G25NT000035>).

Елдің және өңірлердің бесжылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін болжамдау әдістемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 10 бұйрығымен бекітілген (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022123>).

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамында мынадай аббревиатуралар пайдаланылады:

- | | |
|----------|--|
| 1. АДБ | - Азия даму банкі |
| 2. АЕК | - айлық есептік көрсеткіш |
| 3. АҚШ | - Америка Құрама Штаттары |
| 4. АӨК | - агроөнеркәсіптік кешен |
| 5. АЭС | - атом электр станциясы |
| 6. ӘЭДБ | - Қазақстан Республикасының Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы |
| 7. БЖЗҚ | - Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры |
| 8. БҰҰ | - Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| 9. ҒЗТҚЖ | - ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар |
| 10. ДБ | - Дүниежүзілік банкі |
| 11. ЕАДБ | - Еуразиялық Даму Банкі |
| 12. ЕАЭО | - Еуразиялық экономикалық одақ |
| 13. ЕҚДБ | - Еуропалық қайта құру және даму банкі |
| 14. ЕО | - Еуропалық одақ |
| 15. ЖІӨ | - жалпы ішкі өнім |
| 16. ЖТС | - жеке табыс салығы |
| 17. ЖЭК | - жаңартылатын энергия көздері |
| 18. ҚҚС | - қосылған құн салығы |

- | | |
|-----------------|---|
| 19. МЖӨ | - мемлекеттік-жекешелік әріптестік |
| 20. НКИ | - нақты көлем индексі |
| 21. п.т. | - пайыздық тармақ |
| 22. ТХКБ | - Транскаспий халықаралық көлік бағыты |
| 23. Ұлттық Банк | - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| 24. Ұлттық қор | - Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры |
| 25. ХВҚ | - Халықаралық валюта қоры |
| 26. ХҚҰ | - Халықаралық қаржы ұйымдары |
| 27. ҰСБ | - Ұлттық статистика бюросы |
| 28. ШОБ | - шағын және орта бизнес |
| 29. ЭЫДҰ | - Экономикалық ынтымақтастық және даму
ұйымы |

МАЗМҰНЫ

I. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қорытындылары	5
2024 жылғы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы	5
Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының есептік көрсеткіштерінің 2024 жылғы болжамды деректермен алшақтығының параметрлері мен себептерін талдау	6
Экономикаға әсер ететін факторларды ескере отырып, 2025 жылдың сонына дейін елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау	8
Бюджеттік қағидалар мен нысаналы бағдарларды сақтауды қоса алғанда, 2024 жылғы салық және бюджет саясатының және 2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы мемлекеттік қаржының негізгі бағыттарының іске асырылуын талдау	10
II. 2025–2029 жылдарға арналған ӘЭДБ және 2026–2028 жылдарға арналған ӘЭДБ шеңберінде 2026 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамды көрсеткіштері мен бюджеттік параметрлерінің сәйкессіздігінің сомалары мен себептерін талдау	12
III. 2026–2028 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы	17
Экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі шарттары	17
Халықаралық қаржы ұйымдарының деректері бойынша әлемдік экономика мен Қазақстан Республикасы экономикасының даму перспективалары	20
Елдің әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдері	21
2026–2028 жылдарға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарының нұсқалары	21
Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2026–2028 жылдарға арналған базалық болжамы	23
IV. 2026–2028 жылдарға арналған мемлекеттік қаржы параметрлерінің болжамы	30
Республикалық бюджеттің негізгі параметрлері	30
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт	31
Республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны	32
Мемлекеттік бюджеттің негізгі параметрлері	32
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының негізгі параметрлері	35
Шоғырландырылған бюджеттің негізгі параметрлері	36
Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің негізгі параметрлері	37

I. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қорытындылары **Елдің 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы**

2024 жылы Қазақстан жаһандық сын-қатерлер мен ішкі құрылымдық өзгерістерге қарамастан орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуды көрсетті.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының өсуі 5 %-ды құрады. Тауар өндірісі 6,3 %-ға, қызмет көрсету өндірісі 4,6 %-ға өсті.

Экономикалық өсудің негізгі факторлары ішкі тұтынушылық сұраныстың артуы, экономиканың ресурстық емес секторларының белсенді дамуы, инвестициялық және бюджеттік ынталандырудың күшеюі, сондай-ақ тұтынушылық кредиттеудің өсуі болды.

Өсуді қамтамасыз етуде ішкі сұраныс пен түпкілікті тұтынуға бағытталған секторлар жетекші рөл атқарды.

Өнеркәсіптік өндіріс 3,3 %-ға өсті. Өңдеу өнеркәсібінің өсуі 6,8 %-ды құрады, мұнай өндірудің 2,5 %-ға төмендеуіне байланысты тау-кен өнеркәсібі 0,2 %-ға төмендеді.

Өңдеу өнеркәсібі салалары бөлінісінде машина жасау өндірісінің 9,8 %-ға, оның ішінде электр жабдығының – 11,8 %-ға, сондай-ақ металл бұйымдарының өндірісінде – 28,4 %-ға, жиһазда – 29,7 %-ға, фармацевтикалық өнімдерде – 14,1 %-ға, химия өнеркәсібінде – 7,5 %-ға және металлургия өнеркәсібінде – 6,9 %-ға өсуі қамтамасыз етілді.

Ауыл шаруашылығындағы өнімнің жалпы өнімі 13,7 %-ға өсті. Өсім дәнді дақылдардың жоғары өнімділігіне байланысты болды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 15,3 %-ға артты. 19,1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2023 жылғы деңгейден 7,3 %-ға жоғары.

Ішкі сауда 8,9 %-ға өсті. Көтерме сауда 8,5 %-ға, бөлшек сауда 11%-ға өсті.

Нақты сектордағы және ішкі тауар айналымындағы өсім көлік-логистика саласының дамуына оң әсерін тигізді.

Көлік және қойма саласындағы көрсетілетін қызметтер көлемі 9,4 %-ға өсті. Негізгі драйверлер темір жол және автомобиль көлігімен жүк тасымалдау көлемінің өсуі болды.

Логистикалық орталықтардың дамуы және интернет-сауданың өсуі, сондай-ақ импорт пен транзит есебінен қоймалардың жүктелуі қоймалық қызметтердің 24,9 %-ға өсуін қамтамасыз етті.

Негізгі капиталға инвестиция 8 %-ға өсіп, 19 461,3 млрд теңгеге жетті. Инвестициялардың ең көп ағыны білім беруде – 2,5 есеге, қаржы және сақтандыру қызметінде – 34,3 %-ға, көлікте және қоймада – 31,2 %-ға, өңдеу өнеркәсібінде – 24,4 %-ға, ғылыми және техникалық қызметте – 12,1 %-ға, құрылыста – 11,3 %-ға өсті.

2024 жылы сыртқы сауда айналымы *(Ұлттық Банктің деректері бойынша)*

140 млрд АҚШ долларын құрады (*төмендеу 0,5 %-ға*). Тауарлар экспорты 1,8 %-ға төмендеп, 78,8 млрд АҚШ долларын құрады.

Импорт 1,3 %-ға 61,2 млрд АҚШ долларына дейін өсті.

Оң сауда балансы 17,6 млрд АҚШ долларын құрады (*төмендеу 11,3 %*).

Елдің халықаралық резервтері 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2024 жылдың басына қарай 9,1 %-ға ұлғайып, 104,7 млрд АҚШ долларын құрады. Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері 27,5 %-ға, 45,8 млрд АҚШ долларына дейін өсті, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 2 %-ға 58,8 млрд АҚШ долларға дейін төмендеді.

Халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы 2024 жылы 214,1 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 12,7 %-ға, нақты мәнде – 3,7 %-ға өсті. Орташа айлық жалақы 405,4 мың теңгені құрап, номиналды мәнде 11,3 %-ға, нақты жалақы – 2,4 %-ға ұлғайды.

2024 жылы жұмыссыздық деңгейі 4,7 %-ды құрады.

Жылдық мәндегі инфляция 8,6 %-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 5,5 %-ға, азық-түлік емес тауарлар – 8,3 %-ға, ақылы көрсетілетін қызметтер – 13,3 %-ға өсті.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының есептік көрсеткіштерінің 2024 жылғы болжамды деректермен алшақтығының параметрлері мен себептерін талдау

Әлемдік экономикадағы ахуалға және 2023 жылғы ЖІӨ бойынша есепті деректерге сүйене отырып, 2024-2028 жылдарға арналған ӘЭДБ-да (*Қазақстан Республикасының Үкіметі 2023 жылғы 29 тамызда мақұлдаған, № 29 хаттама*) 2024 жылғы негізгі макроэкономикалық параметрлер сақталды, бұл ретте республикалық бюджеттің параметрлері нақтыланды (*Үкімет отырысының 2024 жылғы 29 қазандағы № 35 хаттамасы*).

2024–2028 жылдарға арналған ӘЭДБ-ға сәйкес 2024 жылы экономиканың өсуі 5,3 % деңгейінде болжанған (*2023 жылы ЖІӨ ҰСБ есептік деректері бойынша 5,1 %-ды құрады*). ЖІӨ-нің өсуі бойынша бұрын бекітілген болжамды сақтауға әлемдік экономиканың перспективалары бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының оң күтулері ықпал етті: ДБ 2024 жылға арналған әлемдік ЖІӨ-нің өсу болжамын 2,4 %-дан 2,6 %-ға дейін (*2024 жылғы маусым*), ХВҚ – 3,1 %-дан 3,2 %-ға дейін (*2024 жылғы қазан*) арттырды.

2024 жылы ЖІӨ өсімі 5 %-ды құрады (*мақұлданған болжамды мәннен 0,3 п.т. төмен*). Айырмашылықтардың негізгі себебі тау-кен өнеркәсібіндегі өндірістің салаларда, оның ішінде мұнай өндіруде – 2,5 %-ға, табиғи газ өндіруде – 2,2 %-ға қысқаруы болды.

ӘЭДБ шеңберіндегі көрсеткіштердің болжамы салалардағы өсу жөніндегі салалық мемлекеттік органдардың болжамдары негізінде жүзеге асырылады.

2024 жылы *өнеркәсіптік өндіріс* көлемі 3,3 %-ға өсті. Өсудің болжамды мәнінен 1 п.т. ауытқуы *тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі* өндірістің 0,2 %-ға (болжамды мәненен -4,5 п.т.) шамалы өсуімен, атап айтқанда, Теңіз кен орнын кеңейтудің 2025 жылға арналған жобасын іске қосу мерзімдерінің ауысуына байланысты шикі мұнай өндіру көлемінің 2,5 %-ға (мақұлданған өндіру болжамы 95,4 млн тонна болған кезде 87,7 млн тонна өндірілді) төмендеуімен байланысты.

Бұл ретте *өңдеу өнеркәсібінің* 6,8 %-ға өсуі (болжамды мәненен +2,6 п.п. жоғары) өнеркәсіп өндірісінің ұлғаюының негізгі факторына айналды. Машина жасау (9,8 %-ға өсім), оның ішінде электр жабдықтарын (11,8 %-ға), сондай-ақ металл бұйымдарын (28,4 %-ға), жиһаз (29,7%-ға) фармацевтикалық өнімдерді (14,1 %-ға), химия (7,5 %-ға) және металлургия өнеркәсібін (6,9 %-ға) өндіру елеулі үлес қосты.


Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 13,7 %-ға өсті, бұл болжамды мәненен 9,8 п.т. жоғары. Бұл өткен жылы жоғары өнімділік есебінен өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру көлемінің 20,8 %-ға ұлғаюына байланысты. 25,2 млн тонна дәнді дақылдар, 3,3 млн тонна майлы дақылдар және 1,3 млн тонна қант қызылшасы бастырылды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі КІА (Қостанай облысы) автомобильдерін шығару зауытын, газ тарату станцияларын, желілер мен газ құбырларын (Алматы және Қызылорда облысы), LRT және Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықты, жаңа жолаушылар терминалын (Қызылорда облысы), әлеуметтік сала объектілері (Астана қ. және Қызылорда облысы), «Жайлы мектеп» бағдарламасы шеңберінде мектептер (Астана және Шымкент қ, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстары), сондай-ақ тұрғын көппәтерлі ғимараттар, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым, автомобиль жолдары, сауда объектілерін салу есебінен 15,3 %-ға өсті (болжамды мәненен +7,3 п.т.).

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы өндірістік белсенділіктің кеңеюі көлікке оң әсер етті. 2024 жылы осы саладағы көрсетілетін қызметтер көлемі 9,4 %-ға өсті (болжамды мәненен +3,8 п.т.).

Өз кезегінде *сауда* 8,9 %-ға өсті (болжамды мәненен +2,4 п.т.). Өсім көтерме саудада сату қарқынының 8,5 %-ға және бөлшек саудада – 11 %-ға ұлғаюына байланысты.

1-сурет. Болжамды және нақты деректердің өсу (төмендеу) қарқыны арасындағы алшақтықтар, %



Сонымен қатар 2024 жылғы ЖІӨ көлемінің нақты және болжамды мәндері арасында шамалы алшақтық байқалады. ЖІӨ көлемі 136 693,3 млрд теңгені *(немесе ҚР ҰБ долларының орташа жылдық бағамы бойынша 291,1 млрд АҚШ долларын – 469,4 теңгені)* құрады, бұл болжамды мәннен 1 682,5 млрд теңгеге жоғары.

Бұл нәтиже экономика салаларындағы бағалардың өзгеруі бойынша бағаларды ескеретін және ЖІӨ-нің номиналды көлемінің болжамдарына әсер ететін болжамда пайдаланылған дефлятор индекстерімен түсіндіріледі. Яғни, ЖІӨ-нің нақты өсу көрсеткіштері экономика ішіндегі бағаның өсуіне қосымша индекстеледі.

Сондай-ақ, ЖІӨ көлемінің сәйкессіздігіне мұнай бағасы әсер етті. 2024 жылы мұнайдың орташа жылдық бағасы барреліне 79,86 АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты, ал ӘЭДБ-де баға 80 АҚШ доллары деңгейінде белгіленді.

Жалпы, Қазақстанның нақты және болжамды ЖІӨ арасындағы ауытқу соңғы бес жылда орташа есеппен 4 %-ды құрады, бұл халықаралық болжау тәжірибесіне сәйкес келеді. Әлемдік тәжірибеде 5–10 % деңгейіндегі қателік қолайлы деңгей болып саналады.

Экономикаға әсер ететін факторларды ескере отырып, 2025 жылдың соңына дейін елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау

2025 жылдың жеті айының қорытындысы бойынша елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай экономиканың тұрақты өсуімен, мемлекеттің инвестициялық жобаларға белсенді қатысуымен және сақталып отырған сыртқы тәуекелдермен сипатталады.

Жедел деректер бойынша 2025 жылғы қаңтар-шілдеде ЖІӨ өсімі 2024 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 6,3 %-ды құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштерден асып түседі және жаһандық тұрақсыздық жағдайында экономикалық дамудың жоғары қарқынын көрсетеді. Бұл ретте тауарлар өндірісі 8,3 %-ға, көрсетілетін қызметтер өндірісі 5,2 %-ға өсті.

Көлік 22,5 %-ға өсіп, жылдық көрсеткіште рекордтық динамиканы көрсетті және экономикалық өсудің негізгі драйвері болды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 18,5 %-ға ұлғайды, бұл инфрақұрылымдық жобаларды белсенді іске асырумен байланысты. 9,4 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2024 жылғы қаңтар-шілде деңгейінен 5,2 %-ға артық.

Өнеркәсіп өндірісі 6,9 %-ға, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі – 6,1 %-ға, тау-кен өндірісі – 8,5 %-ға өсті.

Өңдеу өнеркәсібінің қарқынына металл бұйымдары өндірісінің 14 %-ға, машина жасауда 14 %-ға, оның ішінде электр жабдықтары – 18,4 %-ға, сондай-ақ тамақ өнімдері – 9,2 %-ға, химия өнеркәсібі өнімдері – 6 %-ға өсуі әсер етті.

Ауыл шаруашылығындағы өнімнің жалпы өнімі 3,7 %-ға өсті.

Бұл ретте негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 16,1 %-ға 9 921,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Салалар бөлінісінде инвестицияның өсуі білім беру (*өсім 2,3 есе, 731,2 млрд теңге*), қаржы және сақтандыру қызметі (*90,1 %-ға, 137,2 млрд теңге*), мемлекеттік басқару және қорғаныс (*53,4 %-ға, 82,4 млрд теңгеге*), өңдеу өнеркәсібі (*38,7 %-ға, 1 155,7 млрд теңгеге*), денсаулық сақтау саласында (*17,5 %-ға, 186,1 млрд теңге*) байқалды.

Алдын ала мәліметтер бойынша елдің халықаралық резервтері 2025 жылдың 1 тамызына қарай 2025 жылдың басына қарай 8 %-ға ұлғайып, 113,0 млрд АҚШ долларын құрады. Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері 14,5 %-ға 52,5 млрд АҚШ долларына дейін өсті, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 3 %-ға 60,6 млрд АҚШ долларына дейін өсті.

Халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы 2025 жылғы маусымда 231,1 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 8,9 %-ға өсті, нақты мәнде – 2024 жылғы тиісті айға қарағанда 2,6 %-ға төмендеді.

2025 жылғы шілдеде инфляция жылдық мәнде 11,8 %-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 11,2 %-ға, азық-түлік емес тауарлар – 9,5 %-ға, ақылы көрсетілетін қызметтер – 14,9 %-ға өсті.

Ағымдағы жағдайды ескере отырып, 2025 жылы ЖІӨ өсімі 6,0 % деңгейінде бағаланады. Номиналды ЖІӨ 2025 жылы 161,9 трлн теңге немесе 311,3 млрд АҚШ доллар көлемінде болжанады. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 15,2 мың АҚШ доллары деңгейінде бағаланады.

Өнеркәсіп көлемінің өсуі 6,2 %, ауыл шаруашылығы – 2,0 %, құрылыс – 15,0 %, көлік – 16,5 %, сауда – 8,8 % деңгейінде күтілуде.

Экспорт көлемі 75,5 млрд АҚШ долларына дейін төмендеуі, импорт көлемі 64,3 млрд АҚШ долларына дейін өсуі күтілуде.

Бюджеттік қағидалар мен нысаналы бағдарларды сақтауды қоса алғанда, 2024 жылғы салық және бюджет саясатының және 2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы мемлекеттік қаржының негізгі бағыттарының іске асырылуын талдау

2025 жылғы 18 шілдеде Салық кодексіне қол қойылды, ол 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және салық жүйесін жеңілдетуге бағытталған бірқатар негізгі өзгерістерді көздейді, оның ішінде:

салық есептілігін 30 %-ға қысқарту,
салықтар санын 20 %-ға төмендету,
салық жеңілдіктерін оңтайландыру,
сараланған мөлшерлемелерді енгізу,
инвестициялық белсенділікті ынталандыру,
сәнді заттарға жүктемені арттыру және басқа да бірқатар өзекті мәселелерді шешу.

Маңызды өзгерістер корпоративтік және жеке табыс салығынан бастап инвестицияларды ынталандыруға және салық жүктемесін қайта бөлуге дейінгі барлық негізгі бағыттарға әсер етті.

16 % мөлшерінде ҚҚС базалық мөлшерлемесі белгіленді. Дәрі-дәрмектер мен медициналық көрсетілетін қызметтерге төмендетілген ҚҚС мөлшерлемелері енгізіледі: 2026 жылдан бастап – 5 % және 2027 жылдан бастап – 10 %.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, міндетті медициналық сақтандыру, орфандық және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу шеңберінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ҚҚС-тан босатылады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері ЖТС-дан босатылады. Көлік салығы 10 жылдан асқан көліктер үшін төмендетілді. Мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік салық шегерімі – 882-ден 5 000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Арнайы салық режимдері оңтайландырылды: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, жеңілдетілген декларация негізінде және фермерлік шаруашылықтарға арналған тек үш арнайы салық режимі қалды.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мобильді қосымша арқылы төлемдерді есептей және төлей алады.

Корпоративтік табыс салығы 20 % деңгейінде сақталады, алайда сараланған мөлшерлемелер енгізіледі: банктер (*бизнес субъектілерін кредиттеуді қоспағанда*) және ойын бизнесі үшін – 25 %, 2027 жылы 10 %-ға дейін ұлғайта отырып, 2026 жылы әлеуметтік сала ұйымдары үшін – 5 %. Ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін мөлшерлеме жеңілдікті болып қалады – 3 %.

ЖТС прогрессивті мөлшерлемелер енгізіледі. 15 % көтерілген мөлшерлеме азаматтардың жылына 8 500 АЕК-тен асатын жиынтық табыстарына қолданылатын болады. Осындай мөлшерлеме жылына 230 000 АЕК мөлшерінен асатын кәсіпкерлердің дивидендтері мен кірістері үшін енгізіледі. Жеңілдікті сақтауды ескере отырып, фермерлер үшін – 70 % осы шектен асатын кіріске салынатын салық 4,5 %-ды құрайды.

Жеке тұлғалар үшін қымбат өнімге 10 % акцизбен: автомобильдер – құны 75 млн теңгеден жоғары, кемелер – 100 млн теңгеден жоғары, алкоголь – 0,5 млн теңгеден жоғары/литр, сигаралар – 10 мың теңгеден жоғары/дана жоғары салық салу енгізілді. Егер жылжымайтын мүлік объектілерінің жиынтық құны 450 млн теңгеден асатын болса, мүлік салығы да артады.

Экономикалық дамудың ағымдағы жағдайларында экономикалық өсу және экономиканы одан әрі әртараптандыру үшін ұзақ мерзімді негіздер құру есебінен мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қамтамасыз ету және орнықтылығын сақтау **бюджет** саясатының басымдығы болып табылады.

Мемлекеттік қаржының тұрақтылығын қолдау үшін бюджет саясаты 2023 жылдан бастап бюджеттік қағидалардың сақталуын ескере отырып жүзеге асырылады. Олардың контрциклді болуын қамтамасыз ету орта мерзімді кезеңдегі басты міндет болып табылады.

Бюджеттік қағидалардың қатаң сақтау міндеттілігі Бюджет кодексімен регламенттелген.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт кесімді баға кезінде мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға болжанатын түсімдердің көлемінен аспайтын мөлшерде жоспарланады.

2024 жылы ол 2 000 млрд теңгені құрады.

Ол 2025 жылы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2025–2027 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Заңмен бекітіліп, 2 000 млрд теңгені құрады.

Республикалық бюджет шығыстарының өсуі инфляция бойынша мақсатқа ұлғайтылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейімен шектеледі. Бұл орта мерзімді кезеңде бюджет шығыстарының өсу қарқынын ЖІӨ-ге 108,7-109,3 % деңгейінде тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік қаржының тұрақтылығы Ұлттық қор түріндегі тұрақтандыру қорының болуымен тығыз байланысты.

Ұлттық қордан нысаналы трансферттерді бөлу баламалы қаржыландыру көздері болмаған кезде әлеуметтік-экономикалық қайтарымы жоғары, аса маңызды объектілер мен жалпыелдік маңызы бар жобаларды қаржыландыруға ғана жүзеге асырылатын болады.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Ұлттық

қордың қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыруға қаражат бөлу шарттарын қатаңдату үшін Үкімет Ұлттық банкпен және Жоғары аудиторлық палатамен бірлесіп, Жалпыелдік маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу қағидаларын (оларды бағалауды қоса алғанда) қабылдады.

Жоғарыда аталған шаралар 2030 жылға дейін мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасында белгіленген параметрлердің сақталуын қамтамасыз етуге және олардан нақты бюджеттік параметрлердің ауытқуын қысқартуға бағытталған.

Шығыстардың өсу қарқынын шектеу аясында олардың сапалық әлеуеті мен күтілетін әсерінің мәселесі тұр.

Бюджет кодексінде бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша бірқатар құралдарды енгізу заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етілген – бұл елдің стратегиялық және экономикалық дамуын ескере отырып, шығыстарға басымдық беру тетігін белгілеу, мониторинг пен бағалауды жетілдіру, шығыстарға шолу енгізу, орташа және ұзақ мерзімді тәуекелдерді есепке алу.

II. 2025–2029 жылдарға арналған ӘЭДБ және 2026–2028 жылдарға арналған ӘЭДБ шеңберінде 2026 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамды көрсеткіштері мен бюджеттік параметрлер сәйкессіздігінің сомалары мен себептерін талдау

Сыртқы экономикалық жағдайлардың өзгеруін және 2024 жылғы ЖІӨ бойынша нақтыланған есептік деректерді ескере отырып, 2026–2028 жылдарға арналған ӘЭДБ шеңберінде 2026 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың кейбір болжамды параметрлері қайта қаралды.

Жаңартылған есептеулерге сәйкес 2026 жылы Қазақстан ЖІӨ-сінің нақты өсуі 5,4 % деңгейінде күтілуде, бұл 2025–2029 жылдарға арналған ӘЭДБ шеңберінде бұрын бекітілген деңгейге сәйкес келеді.

1-кесте. Өндіріс әдісімен ЖІӨ болжамы (НКИ)

p/c №	Көрсеткіштердің атауы	2026 жылға болжам		Ауытқу
		2025–2029 жылдарға арналған ӘЭДБ	2026–2028 жылдарға арналған ӘЭДБ	
1	2	3	4	5
1.	ЖІӨ-нің нақты өзгеруі, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	105,4	105,4	0,0
2.	Ауыл, орман және балық шаруашылығы, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	105,1	104	-1,1

3.	Өнеркәсіп, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	104,4	105,3	0,9
4.	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	103,8	104,4	0,6
5.	Өңдеу өнеркәсібі, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	105,5	106,2	0,7
6.	Құрылыс, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	109,2	112,0	2,8
7.	Көлік және қоймалау, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	108,2	109,6	1,4
8.	Ақпарат және байланыс, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	109,3	106,5	-2,8
9.	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	107,0	106,5	-0,5

Жеке болжамды параметрлерді қайта қарау сыртқы экономикалық конъюнктураның нашарлауына, бірқатар елдердің тарифтік саясатындағы өзгерістерге, әлемдік тауар нарықтарындағы жоғары құбылмалылыққа, сондай-ақ 2024 жылдың және 2025 жылдың жеті айының қорытындыларын ескере отырып, экономика салаларындағы өсу бойынша салалық мемлекеттік органдардың күтулерін қайта қарауға байланысты.

Ағымдағы жаһандық трендтер аясында жетекші халықаралық ұйымдар әлемдік экономиканың төмендеуі бойынша өз болжамдарын қайта қарады.

Мұнай бағасы бойынша болжамдар халықаралық ұйымдар мен банктердің ағымдағы динамикасы мен консенсус-болжамдары негізінде қалыптастырылады. 2025 жылға арналған консенсус болжамы (10 МҚҰ) барреліне 65,8 АҚШ долларына дейін, 2026 жылға барреліне 61,5 АҚШ долларына дейін төмендеді.

Бағалаулар мен жоғары құбылмалылық ескеріле отырып, 2026 жылға арналған мұнай бағасы барреліне 75-тен 60 АҚШ долларына дейін, металдар бағасының индексі – 101,5 %-дан 97 %-ға дейін қайта қаралды.

Жаһандық іскерлік белсенділіктің төмендеуі және әлемдік тауар нарықтарындағы баға конъюнктурасының нашарлауы тауарлар экспорты бойынша болжамдардың 85,8 млрд АҚШ долларынан 77,1 млрд АҚШ долларына дейін төмендету жағына қарай қайта қаралуына әкелді.

Салалық мемлекеттік органдар өзгерген сыртқы экономикалық жағдайды және 2024 жылғы есептік деректерді ескере отырып, салалардағы өсу бойынша өз болжамдарын түзетті. Болжамдарды түзету әртүрлі бағыттағы серпінді көрсетті.

Мәселен, өсу бойынша болжамдар ауыл шаруашылығында (-1,1 п.м.), құрылыста (-0,5 п.м.), ақпарат пен байланыста (-2,8 п.м.) нашарлады.

Бұл ретте өнеркәсіптік өндіріс көлемі 5,3 % деңгейінде болжанады, бұл өңдеу және тау-кен өнеркәсібінде тиісінше 6,2 %-ға және 4,4 %-ға дейін өсуге байланысты 2025–2029 жылдарға арналған ӘЭДБ-дағы мәннен 0,9 п.т. жоғары.

Машина жасауда инвестициялар, мемлекеттік қолдау және өндірістік базаны кеңейту, сондай-ақ іске асырылып жатқан ірі жобалар есебінен саланы белсенді ынталандыру көзделген. Шетелдік инвестицияларды тарта отырып, жаңа өндірістер іске қосылатын болады.

Тоқыма бұйымдарын, киім-кешек пен былғары өнімдерін өндіру көлемінің өсуі жұмыс істеп тұрған өндірістерді жүктеу, ішкі нарықта өнімді ілгерілету жөніндегі шараларды іске асыру, сондай-ақ экспортқа шығу есебінен болжанады.

Өз кезегінде көлік қызметтерінің болжамды параметрлері 9,6 %-ға ұлғайтылды (2025–2029 жылдарға арналған ӘЭДБ-дағы болжамды мәннен +1,4 п.т.). Өсу теміржол және автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтер көлемін ұлғайтуына байланысты белгіленді.

2026 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің нақтыланған болжамдары негізінде бюджеттік қағидаларды қолдану бөлігінде Бюджет кодексінің және жаңа Салық кодексінің ережелері ескеріле отырып, бюджеттік параметрлердің болжамы қайта қаралды.

2-кесте. Бюджеттік параметрлердің болжамы

млрд теңге

р/с №	Көрсеткіштердің атауы	2026 жылға арналған болжам		Ауытқу
		2026–2028 жылдарға арналған ӘЭДБ	2025–2029 жылдарға арналған ӘЭДБ	
1	2	3	4	5
1.	Түсімдер	23 135	19 380	3 755
2.	<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	<i>12,6</i>	<i>11,4</i>	<i>1,1</i>
3.	Кірістер (трансферттерді есепке алмағанда)	19 239	16 702	2 537
4.	<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	<i>10,5</i>	<i>9,9</i>	<i>0,6</i>
5.	Салықтық түсімдер	18 886	16 275	2 611
6.	Салықтық емес түсімдер	330	426	-96
7.	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2	0,2	2
8.	Арнайы түсімдер	20		-2 487
9.	Трансферттер түсімдері	3 650	2 507	1 143
10.	Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген трансферт	2 770	2 000	770
11.	бюджеттік алып қоюлар	880	504	376
12.	Бюджеттік кредиттерді өтеу	246	171	75
13.	Шығыстар	27 730	23 168	4 562
14.	<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	<i>15,1</i>	<i>13,7</i>	<i>1,4</i>

15.	Тапшылық	-4 595	-3 788	-807
16.	ЖІӨ-ге қатысты %	-2,5	-2,2	-0,3
17.	Мұнайға қатысты емес тапшылық	-9 059	-7 667	-1 393
18.	ЖІӨ-ге қатысты %	-4,9	-4,5	-0,4

2024 жылы мақұлданған параметрлермен салыстырғанда мынадай өзгерістер бар.

2026 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістері (*трансферттерді есептемегенде*) 19,2 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге қатысты 10,5 % көлемінде болжанады, бұл бұрын мақұлданған деңгейден 2,5 трлн теңгеге жоғары.

Кірістердің өсуінің негізгі себептері жаңа Салық кодексі ережелерінің күшіне енуі, макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруы және экономиканың өсуі болды.

2026 жылға арналған Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген трансферт көлемі 2 770 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

770 млрд теңгеге өсу бюджеттік қағидалар шеңберінде орын алды және кесімді баға барреліне 41,4 АҚШ доллары болғанда, алып қоюдың рұқсат етілген көлемінің (2,78 трлн теңге) ұлғаюына байланысты болды.

2026 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарының көлемі бюджеттік қағидаларда белгіленген шектеулер ескеріле отырып нақтыланды. Шығыстар 27,7 трлн теңгені құрайды, бұл бұрын мақұлданған деңгейден 4,6 трлн теңгеге жоғары. Бюджеттік қағидаларға сәйкес шығыстардың шекті өсу қарқыны 108,7 %-ды құрайды.

Кірістер мен шығыстардың қайта қаралғаны ескеріле отырып, республикалық бюджеттің тапшылығы ЖІӨ-ге қатысты 2,5 % деңгейінде болжанады, бұл бұрын мақұлданған көрсеткіштен 0,3 п.т. жоғары.

Тапшылық мөлшері Мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында белгіленген нысаналы бағдар ескеріле отырып айқындалды.

Мұнайға қатысты емес тапшылық 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 4,9 % деңгейінде болжанады.

3-кесте. Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің болжамы

р/с №	Көрсеткіштердің атауы	2026 жылға арналған болжам		Ауытқу
		2025–2029 жылдарға арналған ӘЭДБ	2026–2028 жылдарға арналған ӘЭДБ	
1	2	3	4	5
1.	Мемлекеттік борыш	41 620,9	46 477	4 856,1
2.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен	24,6	25,3	0,7

млрд теңге

3.	Үкіметтік борыш	36 631,5	39 302	2 670,5
4.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен	21,6	21,4	-0,2
5.	ішкі	28 194,8	31 376,1	3 181,3
6.	сыртқы	8 436,7	7 926,3	- 510,4
7.	Жергілікті атқарушы органдардың борышы	5 160,7	7 175	2 014,3
8.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен	2,9	3,9	1,0
9.	Мемлекет кепілдік берген борыш	1 591,4	4 000	2 408,6
10.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен	0,9	2,2	1,3
11.	Экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттеме	0	250	250
12.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен	0,1	0,1	-
13.	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы	35 109	37 677	2 568
14.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен	19,7	20,5	0,8
15.	ішкі	21 573,7	22 606	1 032,3
16.	сыртқы	13 535,3	15 071	1 535,7

Мемлекеттік сектордың 2026 жылға арналған борыштық міндеттемелері параметрлерінің болжамы жаңа Салық және Бюджет кодекстерінің нормалары, сондай-ақ макроэкономикалық және сыртқы экономикалық жағдайлардың өзгерістері ескеріле отырып қалыптастырылды.

2024 жылы мақұлданған параметрлермен салыстырғанда мынадай ауытқулар бар:

мемлекеттік борыш үкіметтік борыш пен жергілікті атқарушы органдардың борышынан тұрады;

2026 жылы мемлекеттік борыш 46,5 трлн теңге көлемінде болжанады, бұл ЖІӨ-ге қатысты 25,3 %-ды құрайды – бұрын бекітілген деңгейден 4,9 трлн теңгеге жоғары.

2026 жылы үкіметтік борыш 39,3 трлн теңге көлемінде болжанады, бұл ЖІӨ-ге қатысты 21,4 %-ды құрайды – бұрын бекітілген деңгейден 2,7 трлн теңгеге жоғары.

2026 жылы жергілікті атқарушы органдардың борышы 7,1 трлн теңге көлемінде болжанады, бұл ЖІӨ-ге қатысты 3,9 %-ды құрайды.

Мемлекеттік борыштың өсуінің негізгі факторлары бұрын тартылған қарыздардың қайта қаржыландырылуы және валюталық қайта бағалаудың әсер етуі болды.

Мемлекет кепілдік берген борыштың 2026 жылға арналған болжамы 4,0 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 2,2 %-ды құрайды.

Болжамды мәндердің өсуі мемлекеттік сектордың кепілдендірілген

міндеттемелерін есептеу әдіснамасының өзгеруіне байланысты.

Экспортты қолдау бойынша міндеттемелердің болжамды көлемі 2026 жылға 250 млрд теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 0,1 %-ды құрады.

Ауытқу экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер лимиті бұрын «2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілгендігімен және 2025–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында тіркелмендігімен байланысты.

Квазимемлекеттік сектордың борышы 2026 жылы 37,7 трлн теңге көлемінде болжанады, бұл ЖІӨ-ге қатысты 20,5 %-ды құрайды.

Жалпы, бюджеттік параметрлердің ағымдағы және бұрын мақұлданған болжамы арасындағы алшақтық нормативтік базаның жаңаруына, макроэкономикалық жағдайлардың нақтылануына және бюджеттік қағидалардың қолданылуына байланысты орын алды.

III. 2026–2028 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

Экономиканы дамытудың сыртқы және ішкі шарттары

Жаһандық геоэкономикалық өзгерістер аясында Қазақстан экономикасы өзгермелі сыртқы жағдайларға бейімделуді жалғастырады. 2028 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан экономикасы үшін негізгі сын-қатерлер әлемдік саудадағы тұрақсыздықпен байланысты.

Жаһандық экономикалық өсудің баяулауы

Әлемдік конъюнктура тұрақсыз болып қала береді: өсу баяулайды, фрагментациялық үрдістер күшейіп, қаржылық жағдайлар қатаңдайды. ХВҚ болжамы бойынша (WEO, 2025 жылғы шілде) әлемдік ЖІӨ өсу қарқыны 2025 жылы 3 % және 2026 жылы 3,1 %-ды құрайды – пандемияға дейінгі деңгейден төмен болады.

Негізгі тәуекелдер – сауда қақтығысының ушығуы және сауда саясатының белгісіздігі, қаржылық құбылмалылық және жаһандық қаржылық жағдайлардың қатаңдауы, ұзақ мерзімді мөлшерлемелердің өсуі, логистикалық тізбектердің үзілуі және геоэкономикалық фрагментация.

Әлемдік шикізат нарықтарындағы баға конъюнктурасы

ДБ бағалауы бойынша шикізаттың жаһандық бағасы 2025 жылы 12 %-ға, ал 2026 жылы тағы 5 %-ға төмендеп, алты жылдағы ең төменгі деңгейге жетеді.

Мұнай тарапынан негізгі қысым: ұсыныс өскенімен, сұраныстың аз болуы. Бұл Қазақстанды қоса алғанда, экспорттаушы елдердің экспорттық және фискалдық мүмкіндіктерін шектейді.

Халықаралық көлік инфрақұрылымын дамыту

Әлемдік сауда геоэкономикалық фрагментация мен протекционизмнің

әсерінен өзгереді. Қазақстан транзиттік ел ретінде тәуекелдерді де, мүмкіндіктерді де алады. Ресей арқылы өтетін маршруттарға балама ТХКБ дамыту стратегиялық тұрғыдан маңызды болып отыр.

ДБ бағалауынша, ол бойынша жүк ағындары 2030 жылға қарай үш есе артуы мүмкін. Экспорттық бағыттарды кеңейту және Үндістанмен, Парсы шығанағы елдерімен, Түркиямен, Вьетнаммен ынтымақтастық бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл транзиттік әлеуеттің өсуіне, логистиканы цифрландыруға және ЕО мен Қытай стандарттарына сәйкестікке мүмкіндіктер ашады. Қазақстан еуразиялық хаб ретінде позициясын нығайтуда.

Климаттық және энергетикалық күн тәртібін күшейту

Экологиялық талаптарды қатаңдату және ESG стандарттарын ілгерілету халықаралық сауда мен инвестициялар қағидаттарын өзгертеді. Стратегиялық ресурстарға (мыс, литий, уран) сұраныс артып келеді, олардың жеткізілімінде Қазақстан негізгі орынды иелене алады. Сонымен бірге көміртегін көп қажет ететін экспортқа қысым күшеюде.

Елдің экономикалық құрылымы

Елдің ЖІӨ-сіне негізгі үлесті өндіруші өнеркәсіп пен қызмет көрсету секторы қамтамасыз етеді, бұл ретте бастапқы сектор сыртқы сауда теңгерімін қалыптастыруда басым рөл атқаруды жалғастырады. Ақпараттық технологиялардың, ауыл шаруашылығының, логистиканың, өңдеу өнеркәсібінің және басқа да шикізаттық емес салалардың дамуы әзірге табиғи ресурстар экспортына тәуелділікті орнықты алмастыруды қамтамасыз етпейді.

Жаһандық сын-қатерлер мен энергетикалық ауысу жағдайында экономиканы әртараптандыру стратегиялық міндет болып қала береді, оны шешпей, тұрақты және инклюзивті экономикалық өсуді қамтамасыз ету мүмкін емес.

Экономикалық саясат

Экономикалық саясаттың мақсаты ұлттық табыс деңгейінің нақты ұлғаюын қамтамасыз етуге қабілетті орнықты, сапалы және инклюзивті экономикалық өсу болып табылады. Жалпы, экономикалық саясат барлық экономикалық агенттер мен азаматтардың әлеуетін барынша ашу үшін әділдік пен мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары мемлекеттік басқару мен экономикалық дамудың орта мерзімді перспективадағы басымдықтарын айқындайтын негізгі стратегиялық құжат болып табылады.

Цифрландыру, инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және қаржы секторын нығайту жекелеген бастамалар ретінде емес, жаңғыртудың өзара байланысты элементтері ретінде қаралады.

2029 жылға дейінгі ұлттық жоспар шеңберінде экономиканы цифрландыру бойынша шаралар: цифрлық инфрақұрылымды дамыту; әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру; цифрлық

бизнес пен стартаптарды қолдау; экономика салаларын цифрландыру іске асырылады.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспары елдің орнықты инфрақұрылымдық қаңқасын жасауға бағытталған. Автомобиль және теміржолдар, көлік хабтарын дамыту *(Астана, Алматы, Ақтау)* саласында ірі жобалар іске асырылуда. Халықаралық транзиттік дәліздерге қолдау көрсетілуде. Электр желілерін жаңғыртуға, ЖЭК дамытуды қоса алғанда, энергия көздерін әртараптандыруға ерекше назар аударылады. Деректер орталықтары салынып, бұлтты инфрақұрылым дамуда, телекоммуникациялық желі кеңеюде.

Мемлекеттік қызметті дамытудың бұдан кейінгі векторы мемлекеттік органдардың құрылымын оңтайландыруға бағытталған, оның шеңберінде қайталанатындары мен артықтарын жою мақсатында орталық және жергілікті органдардың функциялары мен өкілеттіктері қайта қаралады; қызметтің нәтижелілігін бағалауға (KPI); жария есеп беру тетігін және азаматтармен цифрлық кері байланысты енгізуге *(e-Otinish, Ashyq, Open Budget платформалары және т.б.)* арқылы ашық үкіметті дамытуға; «сервистік» моделге көшуге бағытталған.

Еңбек өнімділігін арттыру үшін субсидиялар мен бизнесті қолдау бағдарламалары арқылы кәсіпорындарды жаңғырту бойынша қадамдар жасалады, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі күшейтіледі, ҒЗТҚЖ-ны қолдау кеңейтіліп, технологиялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау құралдары енгізіледі.

Мемлекет бюджеттен тыс қаражатты тарту үшін МЖӨ тетіктерін белсенді пайдаланады. МЖӨ туралы заңнамаға «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» және «Концессиялар туралы» заңдарды біріктіру бойынша түзетулер қабылданды.

Қазақстанның банк секторында капиталға және тәуекелдерді басқаруға қойылатын талаптар күшейтілді, тәуекелге бағдарланған қадағалау енгізілуде, транспаренттілік арттырылуда. Бұдан басқа, экономиканың нақты секторын кредиттеуді қолдау мақсатында, әсіресе ШОБ және басым салалар аясында жеңілдікті және жобалық қаржыландыру құралдарын дамыту бойынша жұмыс күшейтілуде.

Инфляция және монетарлық саясат

2025 жылдағы инфляция нысаналы дәлізден жоғары болып қалуда. Мұндай орнықты баға тұрақсыздығы ішкі факторлардың да *(тұтынушылық сұраныстың өсуі, жекелеген тауарлардың шектеулі ұсынысы, бюджеттік шығыстар)* және сыртқы факторлардың да *(азық-түлік пен энергия ресурстарының жоғары бағасы, өңірдегі геосаяси тұрақсыздық, валюта бағамдары мен логистикалық тізбектердің қысымы)* салдары болып табылады.

Мұндай жағдайда Ұлттық Банк жоғары базалық мөлшерлемені сақтай отырып, инфляцияны қатаң таргеттеу саясатын жүргізеді, бұл бір жағынан инфляциялық болжамдарды басуға және теңгеге деген сенімді нығайтуға бағытталса, екінші жағынан – экономиканың нақты секторы, ШОБ, АӨК және

ІТ-кәсіпкерлер үшін кредиттердің қымбаттауына алып келеді.

Жоғары инфляция және қатаң монетарлық саясат жағдайында Қазақстан экономикасы екі қатарлас сын-қатерге тап болып отыр:

- макроэкономикалық орнықтылықты сақтау және бағаның өсуін бақылау қажеттігі;

- іскерлік белсенділікті, инвестицияларды және жеке сұранысты, әсіресе стратегиялық секторларда ынталандыруға қажеттілік.

Бұдан басқа, сақталып тұрған сыртқы құбылмалылықпен жағдай қиындай түседі.

Мұндай жағдайларда мемлекеттің басты міндеті макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, адами капиталды жақсарту, әлеуметтік әділеттілік пен экономиканың орнықты өсуі арасындағы тепе-теңдік болып қала береді.

Халықаралық қаржы ұйымдарының деректері бойынша әлемдік экономика мен Қазақстан Республикасы экономикасының даму перспективалары

Тұрақты геосаяси шиеленістің сақталуы, инфляциялық қысым және қаржылық шарттардың қатандауы жағдайында халықаралық ұйымдар орта мерзімді перспективада қалыпты, жаһандық экономикалық өсуді болжайды. Соған қарамастан, Қазақстан өсудің ішкі көздеріне және белсенді инвестициялық саясатқа сүйене отырып, орнықты серпінді көрсетіп отыр.

ХВҚ-ның жаңартылған бағалауы бойынша, жаһандық ЖІӨ 2025 жылы 3,0 %-ға және 2026 жылы 3,1 %-ға өседі, бұған Қытайдағы орнықтылық және сауда кедергілерінің жеңілдеуі ықпал етеді. ДБ неғұрлым ұстамды қарқынды – кейіннен біртіндеп қалпына келе отыры, 2025 жылы 2,3 %-ды болжап отыр.

Қазақстан үшін болжамдар жағымды болып қала береді. ЕҚДБ, АДБ және ЕАДБ бағалауы бойынша 2025 жылы экономикалық өсу 4,9 %–5,5 % диапазонында болжанып отыр, бұған мұнай өндірудің өсуі, белсенді мемлекеттік инвестициялық саясат және инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы ықпал етеді.

Бұл ретте сыртқы тәуекелдерді, инфляцияны және жаһандық сұраныстың төмендеуін қоса алғанда, жекелеген тежеуші факторлар сақталады.

4-кесте. ЖІӨ өсу болжамдарының салыстырма кестесі (%)

Ұйым атауы	Әлемдік экономика				Қазақстан			
	2025	2026	2027	2030	2025	2026	2027	2030
ХВҚ	3,0	3,1	-	-	5,0	4,3	-	-
ДБ	2,3	2,4	2,6	-	4,5	3,6	3,5	-
БҰҰ	2,4	2,5	-	-	-	-	-	-
ЭЫДҰ	2,9	2,9	-	-	-	-	-	-
АДБ	-	-	-	-	5,1	4,3	-	-

ЕҚДБ	-	-	-	-	4,9	4,5	-	-
ЕАДБ	-	-	-	-	5,5	5,5	5,5	-

Елдің әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдері

Ағымдағы кезеңде жаһандық өсудің баяулауын, шикізат бағасының құбылмалылығын, геосаяси шиеленісті және жаһандық саудадағы өзгерістерді қоса алғанда, сыртқы сын-қатерлер Қазақстан экономикасы үшін негізгі тәуекелдер болып қала береді.

Қазақстанның экспортқа бағдарланған экономикасы үшін мыналар: мұнай мен шикізат тауарлары бағасының төмендеуі; қаржылық жағдайлардың қатандауы және сыртқы қарыз алу құнының жоғарылауы; протекционистік шаралардың өсуі және логистикалық тізбектердің бұзылуы; транзит пен инвестициялық белсенділікке әсер ететін өңірдегі геосаяси тұрақсыздық ерекше ықпал етеді.

Осы жағдайларда макроэкономикалық орнықтылықты сақтап қалу белсенді бейімделуді: экономиканы әртараптандыруды, ішкі сұранысты дамытуды және фискалдық саясаттың тиімділігін арттыруды талап етеді.

2026–2028 жылдарға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарының нұсқалары

Қазақстан экономикасының дамуына әсер ететін әртүрлі сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып, үш жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуды болжау үш нұсқа бойынша жүзеге асырылады.

Базалық нұсқа әлемдік экономиканың тұрақты қалыпты өсу қарқынын, инфляция жағдайын төмендетуді, қаржы және тауар нарықтарындағы тұрақтылықты көздейді. Экономикасы дамыған елдерде іскерлік белсенділік қалыпты өсу қарқынымен артады деп күтілуде. Дамушы елдерде жаһандық экономикалық процестердегі өзгерістерге бейімделу мен жаңа экономикалық және логистикалық байланыстар құру жалғасатын болады.

Қазақстан экономикасын дамытудың макроэкономикалық параметрлерін болжамдаудың базалық нұсқасы барреліне 60 АҚШ доллары деңгейіндегі мұнай бағасына сүйене отырып есептелген.

Оптимистік нұсқа әлемдік экономиканың даму көрсеткіштерінің жақсаруын білдіреді. Әлемдік нарықтардағы неғұрлым қолайлы жағдай және жаһандық жеткізу тізбегінің бұзылуын барынша азайту қалыпқа келуге және жаһанданудың жаңа жағдайына жылдам көшуге ықпал етеді. Бұл процестер дамыған елдерде де, дамушы елдерде де экономикалық белсенділіктің неғұрлым қарқынды өсуіне әкеледі.

Оптимистік нұсқа мұнай бағасы барреліне 70 АҚШ доллары деңгейіндегі

болжаммен есептелген.

Пессимистік нұсқа дамушы елдердің құбылмалылыққа бейімделу процесінің баяулауымен және сауда-санкциялық қарама-қайшылықтардың шиеленісуімен сипатталады. Тауарлардың тапшылығы, көрсетілетін қызметтердің шектеулі болуы және белгісіздіктің жоғары деңгейі тәуекелі төмен инвестициялау стратегиясына бағыттайды, бұл экономикалық белсенділік пен қалпына келтіру процестерінің өсуін айтарлықтай тежейтін болады.

Пессимистік нұсқасы барреліне 50 АҚШ доллары деңгейіндегі мұнай бағасына сүйене отырып есептелген.

Базалық нұсқада экономиканың орташа жылдық өсуі 5,3 %-ды құрайды, оның ішінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің өсуі орташа есеппен тиісінше 5,9 % және 4,9 % деңгейінде болады.

Тауарлар экспорты 2026 жылы 77,1 млрд АҚШ долларын құрайды және 2028 жылы 83,7 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаяды деп күтіліп отыр. Бұл ретте импорт 67,7 млрд АҚШ долларын құрап, 2028 жылы 75,2 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаяды.

Экономиканың өсуі бюджет кірістерінің (трансферттерді есепке алмағанда) ұлғаюына оң әсер етеді. 2026 жылы кірістер 19 239,1 млрд теңге көлемінде күтілуде және 2028 жылы 23 244,3 млрд теңгеге дейін ұлғаяды.

5-кесте. Өртүрлі нұсқа кезіндегі ел экономикасының параметрлері

Нұсқалар	2026	2027	2028
Экономиканың өсуі, өткен жылға қатысты %			
Базалық	105,4	105,4	105,0
Оптимистік	106,0	105,9	105,6
Пессимистік	103,8	103,8	103,4
Тауарлар экспорты, млрд АҚШ доллары			
Базалық	77,1	81,9	83,7
Оптимистік	84,5	89,1	91,2
Пессимистік	70,5	74,5	75,8
Тауарлар импорты, млрд АҚШ доллары			
Базалық	67,7	71,4	75,2
Оптимистік	68,0	71,9	75,8
Пессимистік	66,9	69,6	72,2
Республикалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда), млрд теңге			
Базалық	19 239,1	21 246,1	23 244,3
Оптимистік	19 479,6	21 393,9	23 482,5
Пессимистік	18 889,3	21 059,0	22 882,0

Оптимистік нұсқада ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі 5,8 %-ды құрайды, оның ішінде тауарлар өндірісінің өсуі орташа есеппен 6,3 %-ды, көрсетілетін қызметтер өндірісінің өсуі 5,6 %-ды құрайды.

Тауарлар экспортының көлемі 2026 жылғы 84,5 млрд АҚШ долларынан 2028 жылы 91,2 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаяды. 2026 жылы импорт көлемі 68,0 млрд АҚШ доллары деңгейінде күтіледі және 2028 жылы 75,8 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаяды.

2026 жылы бюджет кірістері 19 479,6 млрд теңге көлемінде, ал 2028 жылы 23 482,5 млрд теңгеге дейін ұлғаяды деп күтіледі.

Пессимистік нұсқада экономиканың орташа жылдық өсуі 3,7 %-ға дейін, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісі тиісінше 4,3 %-ға және 3,3 %-ға дейін баяулайды.

Әлемдік сұраныстың азаюы және тауар нарықтарындағы бағаның төмендеуі қазақстандық экспортқа кері әсерін тигізеді. Тауарлар экспорты 2026 жылы 70,5 млрд АҚШ долларын құрайды, 2028 жылы 75,8 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаяды. 2026 жылы импорт көлемі 66,9 млрд АҚШ доллары деңгейінде, 2028 жылы 72,2 млрд АҚШ доллары деңгейінде күтілуде.

2026 жылы кірістер 18 889,3 млрд теңгені құрайды, ал 2028 жылы 22 882,0 млрд теңгеге дейін ұлғаяды.

Ел экономикасының қалыптасқан даму үрдістерін және әлемдік экономикадағы жағдайды ескере отырып, болжамды макроэкономикалық және бюджеттік параметрлерді қалыптастыру кезінде базалық нұсқа негізге алынды.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2026–2028 жылдарға арналған базалық болжамы

Базалық нұсқа бойынша Қазақстан экономикасы көлік және қаржы ағындарының халықаралық саудасы мен логистикасын жүргізудің өзгерістері мен жаңа негіздеріне тұрақтандыру және бейімделу аясында дамуын жалғастырады.

Экономика салаларының даму болжамы: 2026–2028 жылдары Қазақстан экономикасының нақты өсуінің орташа жылдық қарқыны **5,3 %** құрайды.

Ауыл шаруашылығы: орташа жылдық өсуі – **3,9 %**.

Саладағы орнықты оң өсуі АӨК-тегі неғұрлым жоғары өнімді жобалар үшін субсидиялау және жеңілдікті кредиттеу құралдарын қоса алғанда, мемлекеттік қолдаудың шаралары есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Ауыл шаруашылығын дамытуда ең алдымен егіс алқаптарын әртараптандыру және агротехнологияларды ендіру есебінен өсімдік шаруашылығын интенсификациялау жағына назар аударылатын болады, бұл өнімділікті арттыруға және өндіріс шығасыларын төмендетуге мүмкіндік береді.

Шағын және ылғалды көп қажет ететін дақылдарды қысқарту есебінен сұранысқа ие дақылдардың (майлы дақылдар, көкөністер, жемшөп) ауданын

ұлғайту жоспарлануда. Сондай-ақ, отандық тұқымдармен қамтамасыз ету деңгейін 60 %-ға дейін жеткізу жөнінде шаралар қабылданады, ал минералды тыңайтқыштарды ғылыми негізделген нормадан енгізуді 85 %-ға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Бұл өнімділікті арттырудан басқа, мал шаруашылығын, қайта өңдеу саласын, АӨК өнімдерімен сауданы дамытуға және т.б. оң мультипликативті әсер етеді.

Ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын жеделдету бойынша шаралар негізінен аграршылардың қажеттіліктерін ескере отырып, отандық өндіріс есебінен қабылданатын болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге субсидиялардың тиімділігін арттыру үшін оларды бөлу тәсілдерін қайта қарау жоспарлануда.

Үлкен әсер алу үшін өсімдік шаруашылығындағы жоспарлар су қоймаларын салу және реконструкциялау, ирригациялық арналарды жаңғырту және т.б. жоспарлармен барынша синхрондалатын болады.

АӨК-ті жедел дамыту мақсатында егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жеңілдікпен кредит беру, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуды қаржыландыру үшін жеңілдікпен лизинг, АӨК-тегі инвестициялық жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру тетіктері пайдаланылатын болады.

Қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемін кеңейтуді ынталандыру және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Бір мезгілде жаңа өткізу нарықтарын игеру және жеткізілімдерді әртараптандыру есебінен экспорттық позицияларды нығайту көзделеді.

Жиынтықта бұл факторлар саланың орнықты дамуына және экономиканың аралас салаларында өсуді ынталандыруға ықпал ететін болады.

Өнеркәсіп өнімін өндіруде 2026–2028 жылдары орташа өсуі жылына **4,8 %** деңгейінде болжанады.

Тұтастай алғанда, индустриялық саясат сабақтастықты сақтайды және инфрақұрылымдық пен институционалдық негізді барынша пайдалана отырып, өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталатын болады.

Өнеркәсіптік қуаттылықтардың ұлғаюы жоғары өнімділікпен және отандық шикізат пен жиынтықтауышты барынша пайдаланумен сүйемелденетін болады. Бұл міндет жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың базалық салалардың жаңа өндірістерін игеруін ынталандыру, капиталды қажет ететін өндірістерді, оның ішінде ТҰК және шетелдік инвесторлардың қатысуымен құру және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына қажетті шикізатты ұсыну арқылы шешілетін болады.

Индустрияландыруды тереңдету сондай-ақ кәсіпорындарды өсу нүктелеріне ұтымды орналастыру және өнім өндіруші кәсіпорындардың пулын құру арқылы жүзеге асырылатын болады, бұл сонымен қатар шығарылатын өнім

номенклатурасын кеңейтуге және жаңа шетелдік нарықтарды игеру арқылы саланың экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Отандық өнеркәсіптік өнімге ішкі сұраныстың артуы арқылы көлік-логистикалық және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымның құрылысбарысы қосымша серпін береді.

Көрсетілген факторлар кешені орта мерзімді перспективада өнеркәсіптік өндірістің орнықты оң серпінін қамтамасыз етуге және елдің өнеркәсіптік базасын нығайтуға мүмкіндік береді.

Тау-кен өнеркәсібі: орташа жылдық өсуі – **2,8 %**.

Саланың серпіні геологиялық барлау жұмыстарын одан әрі кеңейту, табиғи газдың жаңа кен орындарын игеру және минералды-шикізат базасын толықтыру, оның ішінде сирек-жер металдарын өндіруді ұлғайту арқылы айқындалатын болады.

Минералды-шикізат базасын кеңейту кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру және өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйелерін ендіру есебінен өндіру тиімділігін арттырумен сүйемелденетін болады.

Қарашығанақ және Қашаған мұнай кен орындарында кеңейтудің ірі жобаларын іске асыру, «Талдықорған-Үшарал» газ құбырын салу жалғасады, сондай-ақ Орталық Өріктау, Батыс Прорва және Қаламқас газ кен орындары іске қосылады.

Мұнай, газ, металл және көмір жеткізудің қазақстандық сыртқы арналарының орнықтылығы экспорттық бағыттарды әртараптандырумен қатар өндірістің серпінін қолдауға ықпал ететін болады.

Бұл жағдайлар әлеуметтік-экономикалық даму мен мемлекеттік жинақтаудың орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, тау-кен өнеркәсібінің оң өсуін сақтауға ықпал ететін болады.

Өңдеу өнеркәсібі: орташа жылдық өсуі – **6,5 %**.

Орта мерзімді кезеңге арналған өнеркәсіптік саясаттың мақсаты – бәсекеге қабілеттілікті ынталандыру, өнеркәсіптің дәстүрлі секторларына жаңа серпін беру және жаңа өндірістер құру.

Бұл мақсатқа қол жеткізу индустрияландыруды тереңдету, өндіріс көлемін, сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлардың номенклатурасы мен күрделілігін кеңейту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Экспорт пен импортты алмастыруға бағытталған терең өңдеу кластерлерін дамытуға басты назар аударылатын болады. Бұған металдарды терең өңдеу, мұнай, газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, автокомпоненттер мен тыңайтқыштар өндіру бойынша қосылған құны жоғары 17 ірі жобаны іске асыру ықпал ететін болады.

Сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді басым қолдауға және елішілік құндылықты арттыруға бағытталған шаралардың арқасында ұлттық ауқымдағы ірі

жобаларды іске асыру аясында инвестицияларды қарқынды игеру және қайта өңдеу қуаттарын кеңейту қамтамасыз етілуде.

Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын толыққанды жүктеу үшін квазимемлекеттік компаниялар мен жер қойнауын пайдаланушылардың ірі тапсырыстары шеңберінде, сондай-ақ реттелетін мемлекеттік сатып алу шеңберінде ұзақ мерзімді шарттар мен офтейк-келісімшарттарды басымдықпен жасасу есебінен отандық өнім өндірісін ұлғайту үшін қолданыстағы ішкі резервтер жандандырылады.

Басым сатып алулардағы елішілік құндылық үлесін арттыру тиісті қарсы міндеттемелерді қою арқылы жүзеге асырылатын болады.

Өндірісті локализациялауға және инвестициялауға тапсырыстар жергілікті бизнес пен ұлттық компаниялардың қайта өңделген өнімге деген қажеттіліктерін негізге ала отырып, қалыптастырылатын болады.

Шикізат базасының қалыптасуы өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету арқылы шикізатты қайта өңдеуді ұлғайтуды ынталандыруға, ЕДБ-ны тарта отырып, өнеркәсіптік өндіріс үшін жеңілдікті кредиттеу бағдарламасын іске қосуға, даму институттары есебінен инфрақұрылым түрінде мемлекеттік қолдауға көшуге әкеледі.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ интеграцияланған даму институты ретінде тиімділікті арттыруды және бизнес пен тұрғын үй құрылысын қолдау жөніндегі шаралардың тиімді жүйесін құруды жалғастырады.

Холдинг желісі бойынша басым салаларды қаржыландыру көлемі жыл сайын 8 трлн теңгені құрайды. Күш-жігер экономиканың өсу нүктелерін қаржыландыруға және қызметтің барлық бағыттары бойынша аналитикалық және сервистік қолдауы бар сала көшбасшыларын тәрбиелеуге бағытталады.

Осы бағыт шеңберінде ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, инфрақұрылым, көлік және логистика, тұрғын үй құрылысы, сондай-ақ отандық бизнестің экспорттық әлеуетін дамыту сияқты салаларда кәсіпкерлікке кешенді қолдау көрсету мүмкіндіктері бар.

Коммерциялық банктердің өтімділігін экономиканың нақты секторын кредиттеуге тарту үшін кепілдендіру, синдикатталған қарыздар, бірлесіп қаржыландыру және секьюритизация, факторинг, үлестік қаржыландыру құралдарын тарту сияқты қолданыстағы қаржыландыру құралдары жетілдіріліп, дамитын болады.

3 жыл ішінде АЭА мен индустриялық аймақтарды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру жоспарлануда.

Сондай-ақ, Индустрияландыру картасы аясында металлургия, мұнай-химия салаларында жаңа ауқымды жобалар іске қосылады.

Мұнай-газ химиясында шамамен 1,3 млрд АҚШ доллары сомасына бутadiен

өндіру жөніндегі жобаның құрылысы басталды.

Жалпы сомасы 10 млрд долларға полиэтилен, полиэтилентерефталат және карбамид (Атырау және Ақтөбе облыстарында) өндіру бойынша басқа да ірі жобаларды іске асыру жалғасады.

Сонымен қатар, трансшекаралық көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды қалыптастыру және өңірлік және жаһандық жеткізу желілеріне қол жеткізу қолайлы индустриялық ахуалды, жаңа технологиялар мен құзыреттер трансферті, орта және жоғарғы қайта бөлу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі мен экспортының өсуін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілген факторлар экономиканы әртараптандыру және елдің индустриялық қаңқасын нығайту жөніндегі шараларды дәйекті іске асырумен бірге өңдеуші өнеркәсіптің озыңқы өсу қарқынын қамтамасыз етеді.

Құрылыс: жылдық орташа өсуі – **11 %**.

Құрылыс саласының болжамды өсу қарқыны инфрақұрылымдық, тұрғын үй және өнеркәсіптік құрылыста мемлекеттік және жеке инвестициялық жобаларды жедел іске асырумен қамтамасыз етілетін болады.

Көлік-логистикалық желіні, энергетикалық, инженерлік-коммуникациялық, су және әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі жаңғырту және дамыту жөніндегі ауқымды жобаларды жоспарлы іске асыру өсудің негізгі драйверлеріне айналады.

Өсу нүктелерін дамыту қажетті өнеркәсіптік және көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілетін болады, онда 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспарды және энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру, «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру да басты рөл атқаратын болады.

Қызмет көрсету саласы: орташа жылдық өсуі – **4,9 %**.

Қызмет көрсету секторы экономикалық өсудің негізгі драйверлерінің бірі ретінде өз позицияларын нығайтады, ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға үлесін күшейтеді.

Көлік, сауда, туристік және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту, сондай-ақ өнеркәсіптік секторда кәсіби және ғылыми-техникалық қызметті өрістетуге елеулі үлес қосады.

Өсудің негізгі драйверлерінің бірі инновациялық шешімдерді кеңінен қарқынды игеру және қызмет көрсету процестерін цифрландыру болады.

Сауда саласындағы қызметтердің өсуі жылына орта есеппен 6,7 % құрайды.

Инвестициялық және сыртқы сауда операцияларын ұлғайту, көтерме және бөлшек сауда желісін кеңейту, импорттық-экспорттық ағындарды әртараптандыру және цифрлық сату арналарын белсенді енгізу елеулі үлес қосады.

Проактивті сауда саясатымен және сынақ және сертификаттау инфрақұрылымын дамытумен сүйемелденетін қазіргі заманғы трансшекаралық

көлік-транзиттік желіні қалыптастыру биржалық және көтерме сауданың халықаралық жүйесіне интеграциялауды тереңдетуге ықпал ететін болады.

Осы процестердің арқасында сауда саласы сауда ағындарын қайта бағдарлау процестерінде негізгі рөл атқарады және тауарларға өсіп келе жатқан өңірлік және ішкі сұранысты қанағаттандыруға айтарлықтай әсер етеді.

Көлік және қоймалау саласы: орташа өсу – 10,1 %.

Жаңа халықаралық логистикалық хабтарды ашу және мультимодальды тасымалдарды одан әрі дамыту, жүктерді контейнерлеу және кедендік (бондтық) қоймаларды дамыту қызметтердің өсуінің және саладағы инвестицияларды игерудің жоғары қарқынын белгілейді.

Сондай-ақ, жүк тасымалдарын басқарудың цифрлық жүйелерін белсенді ендіру орта мерзімді перспективада тасымалдау көлемін ұлғайтуға елеулі үлес қосады.

Әлемдік және өңірлік саудадағы жаңа «ойын ережелеріне» бейімделу жағдайында құрлық бағыттары бойынша сауда ағындарының күтілетін қайта бағдарлануы қазақстандық трансшекаралық логистикалық инфрақұрылымның бәсекелестік артықшылықтарын күшейтеді. Халықаралық теңіз және әуе қатынастарының маршруттық желісін кеңейту арқылы экспорттық және транзиттік маршруттарды әртараптандыру да айтарлықтай әсер етеді.

Қазақстанның «Солтүстік – Оңтүстік» және ТХКБ дәліздері шеңберіндегі көлік жүйесі көлік инфрақұрылымын одан әрі кеңейту және трансшекаралық желінің өткізу қабілетін ұлғайту арқылы жаһандық жеткізу желілеріне біріктірудің негізгі элементі болады.

Ақпарат және байланыс қызметтерінің 2026–2028 жылдары жылына орта есеппен **6,8 %**-ға өсуі экономиканы белсенді цифрландырумен, телекоммуникациялық және IT-қызметтеріне сұраныстың өсуімен, сондай-ақ деректерді беру мен өңдеудің озық технологияларын енгізумен қамтамасыз етілетін болады.

Ұсынылатын бұлтты сервистер көлемінің ұлғаюы, киберқауіпсіздіктің дамуы және электрондық платформалар сегментінің өсуі олардың сапасын жақсартуға ықпал ететін болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде азаматтар мен бизнестің ыңғайлылығы үшін цифрлық шешімдер сәтті енгізілуде.

Жасанды интеллекттің тұтас экожүйесін құру үшін технологияларды дамытуға және оларды экономиканың негізгі секторларына біріктіруге бағытталған кешенді шаралар қабылдануда.

Бесінші буын желілерін дамыту, кең жолақты қолжетімділік инфрақұрылымын жаңғырту және ауылдық пен шалғай аудандарда қамтуды кеңейту маңызды рөл атқарады. Байланыс операторлары бесінші буынның (5G) мобильді технологиясын ендіру бойынша жұмыстарды бастады, бүгінде елімізде

1 569 базалық станция орнатылды. 328 ауылдық елді мекен 4G технологиясы бойынша интернет желісіне мобильді кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз етілген.

Байланыс пен интернеттің сапасын қамтамасыз ету және жақсарту жөніндегі одан әрі жұмыс «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы шеңберінде жалғасады.

Бұдан басқа ЖІӨ барлық экономикалық секторлар шығыстарының қосындысы болып табылатын **түпкілікті пайдалану** әдісімен есептелді.

ЖІӨ-нің құрылымында экономикалық өсудің негізгі жүктемесі ішкі сұранысқа ие болады.

Ең үлкен үлесті соңғы тұтыну алады, бұл орташа есеппен 65 % құрайды, ел экономикасындағы үй шаруашылықтары мен мемлекеттік сектор шығыстарының үстемдігін көрсетеді.

Инвестициялар орташа есеппен 31,7 % құрайды, бұл инвестициялық белсенділіктің жалғасуын көрсетеді.

Тауарлар мен қызметтердің таза экспорты ЖІӨ-ге 2,2 % құрайды, бұл экономикалық өсуге салыстырмалы түрде әлсіз сыртқы сауда салымымен байланысты.

Базалық нұсқа бойынша Қазақстан экономикасы көлік және қаржы ағындарының халықаралық саудасы мен логистикасын жүргізудің өзгерістері мен жаңа негіздеріне тұрақтандыру және бейімделу аясында дамитын болады.

2028 жылға дейінгі экономикалық өсуді қолдаудың факторы негізгі капиталдың жалпы жинақталуының жоғары серпіні болып табылады, оның орташа жылдық өсуі 6,5 %-ды құрайды. Түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстардың орташа жылдық өсу қарқыны 4,9 %, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспорты мен импортының орташа жылдық қарқыны тиісінше 2,6 % және 2,7 % деңгейінде күтіледі.

Төлем балансы көрсеткіштерінің болжамы

Тауарлар экспорты 2026 жылы 77,1 млрд доллардан 2028 жылы 83,7 млрд долларға дейін өседі деп болжануда.

Тауарлар экспортының траекториясы мұнай компонентімен алдын ала белгіленуді жалғастырады. Мұнайға қатысты емес экспорттың қалыпты өсуі негізінен металдар бағасының болжамды өсуімен қолдау табады.

Болжамды кезеңде **импорт** 2028 жылы 75,2 млрд АҚШ долларына жетеді.

Импорттың өсуі халық пен бизнестің шетелдік тауарларға деген өсіп келе жатқан сұранысымен қолдау табатын болады.

Әлеуметтік сала көрсеткіштерінің болжамы

Әлеуметтік саланың бірқатар көрсеткіштерінің болжамы гендерлік аспектіні ескере отырып қалыптастырылды.

Халықтың орташа жылдық саны 2026 жылы 20,6 млн адамнан 2028 жылы 21 млн адамға дейін ұлғаяды, оның ішінде ерлер саны 10,1 млн-нан 10,3 млн адамға дейін, әйелдер саны 10,5 млн-нан 10,7 млн адамға дейін ұлғаяды.

Әйелдердің жұмыс күшіне қатысуының болжамды деңгейі 2026 жылы 4,7 млн адамды құрайды, 2028 жылы 4,8 млн адамға ұлғаяды, ерлер – 2026 жылы 5 млн адам және 2028 жылы 5,1 млн адам.

Әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2026 – 2028 жылдары 5,1 %, ерлер арасында – 4,3 % құрайды.

Орта мерзімді кезеңде ең төменгі күнкөріс деңгейі 57 405 теңгеге дейін ұлғаяды.

2024 жылдан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 000 теңге деңгейінде сақталған.

IV. 2026–2028 жылдарға арналған мемлекеттік қаржы параметрлерінің болжамы

Республикалық бюджеттің негізгі параметрлері

2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері бюджеттік қағидалардың, нысаналы бағдарлардың сақталуын және бюджет шығыстарының әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырлануын ескере отырып айқындалған.


Мәселен, базалық нұсқа бойынша Қазақстан экономикасын дамытудың болжамды сыртқы жағдайларын (*мұнайдың әлемдік бағасы барреліне 60 АҚШ доллары*) және 2026–2028 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын ескере отырып, 2026 жылы республикалық бюджеттің кірістері (*трансферттерді есептемегенде*) 19 239,1 млрд теңгені, 2027 жылы – 21 246,1 млрд теңгені, 2028 жылы – 23 244,3 млрд теңгені құрайды.

Ұлттық қордан 2026–2028 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға болжанатын түсімдер көлемінен аспайтын мөлшерде кесімді баға кезінде жоспарланған және жыл сайын 2 770 млрд теңгені құрайды.

Мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шараларды ескере отырып, бюджеттің меншікті қаражатының үлесі 2028 жылы 83,5 %-ға дейін ұлғайта отырып, 2026 жылы 63,7 % деңгейінде болжанады.

**2-сурет. Республикалық бюджет параметрлерінің
теңгерімділігі жөніндегі ақпарат**

млрд теңге



Бюджет кодексіне сәйкес жоспарлы кезеңде республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны инфляция бойынша нысаналы бағдарға ұлғайтылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейімен шектеледі.

Осыны ескере отырып, республикалық бюджеттің шығыстары абсолютті мәнде 2026 жылы – 27 730,0 млрд теңге, 2027 жылы – 28 767,0 млрд теңге, 2028 жылы – 29 770,0 млрд теңге жоспарланып отыр. Орта мерзімді кезеңде ЖІӨ-ге қатысты орта есеппен 14,0 % құрайды.

2026 жылы бюджет тапшылығы 2027 жылы 1,7 %-ға дейін кезең-кезеңімен төмендеуімен және 2028 жылы ЖІӨ-ге 0,9 %-ға дейін төмендеуімен ЖІӨ-ге 2,5 % деңгейінде айқындалды.

Мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейі кейіннен 2027 жылы ЖІӨ-ге 3,7 %-ға дейін және 2028 жылы ЖІӨ-ге 2,7 %-ға дейін төмендеуімен 2026 жылы ЖІӨ-ге 4,9 % деңгейінде болжанады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт

Ұлттық қордан 2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшері жыл сайын 2 770 млрд теңге сомасында айқындалды.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің белгілі бір мөлшері кесімді баға кезінде мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға болжанатын түсімдер

көлемінен аспайды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 26 бұйрығымен бекітілген Кесімді бағаны айқындау қағидаларына сәйкес мұнайдың кесімді бағасы 2026 жылы барреліне 41,4 АҚШ доллары, 2027 жылы барреліне 39,8 АҚШ доллары, 2028 жылы барреліне 40,4 АҚШ доллары мөлшерінде айқындалды. .

Ұлттық қорға мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер кесімді баға кезінде 2026 жылы 2 776,7 млрд теңге, 2027 жылы – 2 776,2 млрд теңге, 2028 жылы – 2 776,3 млрд теңге мөлшерінде болжанады.

Республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны

Республикалық бюджеттің шығыстары 2026 жылы 27,7 трлн теңге, 2027 жылы – 28,8 трлн теңге, 2028 жылы – 29,8 трлн теңге көлемінде жоспарланып отыр.

Жоспарлы кезеңде республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны инфляция бойынша нысаналы бағдарға ұлғайтылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейімен шектеледі.

10 жылдағы нақты ЖІӨ өсуінің орташа деңгейін және инфляцияның нысаналы деңгейін ескере отырып, бюджеттік қағидалар бойынша шығыстардың шекті өсу қарқыны 2026 жылы 108,7 %, 2027 жылы 109,1 %, 2028 жылы 109,3 %-ды құрайды.

Мемлекеттік бюджеттің негізгі параметрлері


Мемлекеттік бюджеттің кірістері (*трансферттерді есептемегенде*) 2026 жылы болжам бойынша 29 909,9 млрд теңгені құрайды, бұл ағымдағы жылғы жоспардан 5 913,1 млрд теңгеге немесе 24,6 %-ға артық. Жоспарлы кезеңде олардың 2028 жылға қарай 36 587,7 млрд теңгеге дейін немесе 22,3 %-ға өсуі күтілуде, ЖІӨ-ге қатысты 15,9 % деңгейінде болжанады.

Бюджет кірістерінің өсуі мемлекеттік бюджет кірістерінде орта есеппен 97,6 % алатын салық түсімдерінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Болжам бойынша өткен жылға салық түсімдерінің өсу қарқыны 2026 жылы – 125,8 %, 2027 жылы – 111,3 %, 2028 жылы – 109,6 % құрайды.

Жалпы мемлекеттік бюджет түсімдерінің жалпы көлемінің 2026 жылғы 32 790,0 млрд теңгеден 2028 жылы 39 422,0 млрд теңгеге дейін немесе 20,2 %-ға өсуі болжанады. Мемлекеттік бюджет түсімдеріндегі кірістердің үлесі (*трансферттерді есептемегенде*) 2028 жылы 92,8 %-ға дейін ұлғайып, 2026 жылы 91,2 %-ды құрайды. Мемлекеттік бюджет түсімдеріндегі Ұлттық қордан берілетін трансферттердің үлесі 2028 жылы 7,0 %-ға дейін төмендеуімен 2026 жылы 8,4 %-ды құрайды.


3-сурет. Мемлекеттік бюджет түсімдерінің болжамы



Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 2026 жылы 37 384,7 млрд теңге, 2027 жылы – 39 622,5 млрд теңге, 2028 жылы – 41 576,2 млрд теңге көлемінде болжанады.

Бұл ретте ЖІӨ-ге қатысты оларды 2026 жылғы 20,3 %-дан 2028 жылы 18,1 %-ға дейін төмендету жоспарлануда.

4-сурет. Мемлекеттік бюджет шығыстарының болжамы




Мұнайға қатысты емес сектордан түсетін кірістердің өсуі аясында Ұлттық қордан пайдаланылатын қаражаттың болжамды көлемі мемлекеттік бюджет

түсімдерінің жалпы көлемінде Ұлттық қордан берілетін трансферттерді және шикі мұнайға әкетілетін кедендік бажды қоса алғанда, мұнай кірістері үлесінің төмендеуіне ықпал ететін болады.


Мемлекеттік бюджет тапшылығы 2026 жылы ЖІӨ-ге 2,5 %, 2027 жылы ЖІӨ-ге 1,7 %, 2028 жылы ЖІӨ-ге 0,9 % деңгейінде болжанады. Тапшылықтың болжамды мөлшері елдің стратегиялық құжаттарында айқындалған нысаналы бағдарларға сәйкес келеді.

5-сурет. Мемлекеттік бюджет тапшылығы



Мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы 2026 жылы ЖІӨ-ге 4,9 %, 2027 жылы ЖІӨ-ге 3,7 %, 2028 жылы ЖІӨ-ге 2,7 % деңгейінде болжанады.

6-сурет. Мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы



2026–2028 жылдардағы мұнайға қатысты емес тапшылық бойынша болжамды серпін 2030 жылға дейін мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасында белгіленген 2028 жылы мұнайға қатысты емес тапшылық

деңгейін ЖІӨ-ге 5,5 %-ға дейін төмендету жөніндегі нысаналы бағдарларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының негізгі параметрлері

Ұлттық қордың параметрлері балаларға Ұлттық қордың инвестициялық табысының бір бөлігін төлеуді жүзеге асыруды ескере отырып болжанды.


Мұнай өндірудің күтілетін көлемін және Brent маркалы мұнайдың болжамды әлемдік бағасын ескере отырып, барреліне 60 АҚШ доллары, мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер 2026 жылы болжам бойынша 4 123,8 млрд теңгені, 2027 жылы – 4 263,3 млрд теңгені, 2028 жылы – 4 248,1 млрд теңгені құрайды.

Ұлттық қордың активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кіріс 2,97 % деңгейіндегі кірістілік кезінде 2026 жылы 917,9 млрд теңге, 2027 жылы – 975,0 млрд теңге, 2028 жылы – 1 041,4 млрд теңге сомасында болжанады.

Мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемінен аспайтын деңгейде Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшерін айқындау нәтижесінде мұнайдың есептік бағасы кезінде болжанатын («кесімді» бағасына) Ұлттық қордың қаражатын пайдалану 2026–2028 жылдары жыл сайын 2,9 трлн теңге сомасында жоспарланады.


Ұлттық қорға 2026–2028 жылдары түсетін таза түсімдер 2,4–2,6 трлн теңге көлемінде болжанады.

7-сурет. Ұлттық қордың түсімдері мен пайдалануының болжамы



Қордың таза валюталық активтері 2028 жылдың соңына қарай болжам бойынша 68,6 млрд АҚШ долларынан төмен құрамайды (*мұнайдың әлемдік бағасы 2026–2028 жылдары барреліне 60 АҚШ доллары және Қордың кірістілігі кезінде 2025–2028 жылдары 2,97 %*).

8-сурет. Ұлттық қордың таза валюталық активтерінің болжамы



Ұлттық қордың таза қаражаты 2026 жылдың соңында 36,8 трлн теңге, 2027 жылы – 39,0 трлн теңге, 2028 жылы – 41,0 трлн теңге көлемінде күтіледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары әділ (нарықтық) құны бойынша есепке алынды.

Шоғырландырылған бюджеттің негізгі параметрлері

Шоғырландырылған бюджеттің параметрлері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаттарын ескере отырып қалыптастырылған.

Мемлекеттік бюджеттің, Ұлттық қордың және екі бюджеттен тыс қордың түсімдерін ескере отырып, шоғырландырылған бюджет түсімдері 2026 жылғы 37 973,8 млрд теңгеден 2028 жылы 45 090,7 млрд теңгеге дейін немесе 18,7 %-ға ұлғаюмен болжанады.

Шоғырландырылған бюджет шығыстары 2026 жылғы 39 921,6 млрд теңгеден 2028 жылы 45 106,6 млрд теңгеге дейін немесе 13,0 %-ға өсумен болжанады.

2026-2028 жылдары Brent маркалы мұнайдың барреліне 60 АҚШ долларына болжамды әлемдік бағасы кезінде шоғырландырылған бюджет балансы 2026 жылы ЖІӨ-ге 1,1 %, 2027 жылы ЖІӨ-ге 0,5 %, 2028 жылы ЖІӨ-ге 0,01 % тапшылықпен болжанады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына түсетін түсімдер 2026 жылы 2 383,9 млрд теңге, 2027 жылы – 2 607,5 млрд теңге, 2028 жылы – 2 714,7 млрд теңге сомасында болжанады. Қордың шығыстары 2026 жылы 1 780,2 млрд теңге, 2027 жылы – 2 433,3 млрд теңге, 2028 жылы – 2 659,9 млрд теңге сомасында болжанады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түсетін түсімдер 2026 жылы 1 186,7 млрд теңге, 2027 жылы – 1 282,5 млрд теңге, 2028 жылы – 1 381,5 млрд теңге сомасында болжанады. Қордың шығыстары 2026 жылы 1 068,1 млрд теңге, 2027 жылы – 1 148,4 млрд теңге, 2028 жылы – 1 268,0 млрд теңге сомасында болжанады.


Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің негізгі параметрлері

2026–2028 жылдар аралығында әлеуметтік және инфрақұрылымдық шығыстарды қаржыландыру, сондай-ақ инфляциялық қысымды тежеу қажеттілігімен байланысты мемлекеттік борыштық міндеттемелердің біртіндеп өсуі болжанады.

Сонымен қатар, бюджеттік реттеу және салық саясаты саласындағы реформалар қарыздың ұлғаю қарқынын бақылауға мүмкіндік береді, оның серпінін рұқсат етілген макроэкономикалық бағдарлар шегінде сақтайды.

2026–2028 жылдарға арналған үкіметтік борыш пен жергілікті атқарушы органдардың борышынан тұратын мемлекеттік борыш параметрлер 2026 жылы 46 477 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 25,3 %, 2027 жылы – 52 520 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 25,5 %, 2028 жылы – 57 515 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 25 % сомасында болжанады.


9-сурет. Мемлекеттік борыш



Үкіметтік борыш болжам бойынша 2026 жылы 39 302 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 21,4 %, 2027 жылы – 42 802 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 20,8 %, 2028 жылы – 44 956 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 19,6 % құрайды.


Жергілікті атқарушы органдардың борышы болжам бойынша 2026 жылы 7 175 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 3,9 %, 2027 жылы – 9 718 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 4,7 %, 2028 жылы – 12 559 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 5,5 % құрайды.

10-сурет. Үкіметтік борыш пен ЖАО-ның борышы бөлінісіндегі мемлекеттік борыш




Мемлекеттік кепілдіктер беру бойынша болжам 2026 жылы 4 000 млрд теңгені немесе ЖІӨ-ге 2,2 %, 2027 жылы – 4 000 млрд теңгені немесе ЖІӨ-ге 1,9 %, 2028 жылы – 4 000 млрд теңгені немесе ЖІӨ-ге 1,7 % құрайды.

11-сурет. Мемлекеттік кепілдіктер беру



Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру бойынша болжам 2026 жылы 250 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 0,1 %, 2027 жылға – 40,8 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 0,02 %, 2028 жылға – 47,4 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 0,02 % құрайды.

12-сурет. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру



Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы бойынша болжам 2026 жылы 37 677 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 20,5 %, 2027 жылы – 42 243 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 20,5 %, 2028 жылы – 47 108 млрд теңге немесе ЖІӨ-ге 20,5 % құрайды.

13-сурет. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы



2026–2028 жылдары мемлекеттік қарыздың болжамды ұлғаюына қарамастан, борыштық жүктеме қалыпты болып қалады және қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндірмейді.

Салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру және жаңа бюджеттік ережелерді сақтау міндеттемелердің өсуін басқаруды қамтамасыз етеді.

Қарыздың жалпы құрылымы тәуекелдерді айтарлықтай арттырмай тұрақты болып қалады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің, бюджет пен Ұлттық қордың 2026–2028 жылдарға арналған параметрлерінің Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің, бюджет пен Ұлттық қордың 2026–2028 жылдарға арналған параметрлерінің болжамы осы Болжамға қосымшада ұсынылған.